

Кроме того, стоит обратить внимание на вопросы гендерного равенства и справедливости в семейных отношениях, где большинство опрошенных сохраняют традиционные роли поведения.

Несмотря на выявленные закономерности, важно отметить, что данная работа имеет свои ограничения. Для более глубокого понимания ценностных установок молодежи по отношению к родительству необходимо расширить выборку и провести более подробный анализ. Настоящая статья представляет собой лишь начальный этап исследования ценностных установок и взглядов студентов на родительство. Рекомендуется проведение дальнейших более глубоких исследований, включая анализ влияния культурных и религиозных аспектов на взгляды студентов.

### Список литературы:

1. Каримов Т.А. Семья как социальный институт/Сборник трудов конференции студентов и молодых ученых, 2017г. Том 2. – С. 282-286 [Электронный ресурс] [https://elibrary.ru/download/elibrary\\_29265925\\_15707070.pdf](https://elibrary.ru/download/elibrary_29265925_15707070.pdf) (Дата обращения 12.11.2023).

2. Национальный доклад Казахстанские семьи 2022 [Электронный ресурс]/[https://www.gov.kz/uploads/2023/1/11/4eb472b5c92d3d8224cdc410abfaba90\\_original.2821402.pdf](https://www.gov.kz/uploads/2023/1/11/4eb472b5c92d3d8224cdc410abfaba90_original.2821402.pdf) (Дата обращения 9.11.2023).

3. Официальный информационный ресурс Премьер-министра Республики Казахстан. [Электронный ресурс]/<https://primeminister.kz/ru> (Дата обращения 10.11.2023).

4. Бюро национальной статистики О рождаемости в 2022 году [Электронный ресурс]/<https://stat.gov.kz/ru/news/o-rozhdaemosti-v-2022-godu> (Дата обращения 12.11.2023).

5. Новостной сайт TengryNews [Электронный ресурс]/[https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/skolko-kazahstanskih-mujchin-ushli-dekretniy-otpusk-chto-514591/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/skolko-kazahstanskih-mujchin-ushli-dekretniy-otpusk-chto-514591/) (Дата обращения 10.11.2023).

**Муханова Ж.**

Бөкетов атындағы Қарағанды университеті магистранты, Қазақстан  
**Ғылыми жетекші:** аға оқытушы Муслимова Қ.С.

### КАРЛАГ ТЕРРОР МҰРАЖАЙЫ РЕТІНДЕ

Тарихтан білетініміздей Қарағанды қаласы Орталық Қазақстандағы маңызды экономикалық орталық болып табылғанымен, көбіне бұл қаланы КарЛАГ-пен байланыстырады. Қазақстанның территориясында ұйымдастырылған сталиндік концлагерьде сол кездегі Кеңестік Одақтың түпкір-түпкірінен тауар эшелонымен «мүлкі тәркіленген» әртүрлі ұлттың

өкілдері, атап айтсақ, орыстар, украиндықтар, поляктар, немістер, румындықтар, финдер, шешендер, ингуштар т.б. ҚарЛАГ-тың тұтқындары болды.

XX ғасырдың 30-шы жылдары басталған Кеңестік Одақтағы Сталиндік репрессия халықты қиындық пен қасіретке душар етті. Бұл Қазақстан үшін ерекше қиын жағдай болды, өйткені мұнда халықтың үштен бір бөлігі өзі мүше болған Коммунистік партия отызыншы жылдардың басында ұйымдастырған ашаршылықтан қырылды.

1930 жылдардың басындағы коллективизация мен ашаршылық Қазақстандағы ең ауыр сюжеттердің бірі болып табылады. Сол кездегі Ресей империясының көшпенді қазақ халқын отырықшы халыққа айналдырып, ауыл шаруашылығымен айналысатын ұлтқа айналдыру жөніндегі эксперименттің бағасы ел халқының төрттен бір бөлігінің (1,5 млн адам) қайтыс болуына себеп болды.

Саяси қуғын-сүргін Қазақстанда 1928 жылдың ортасынан Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлерді тұтқындаудан басталды. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылып, әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды, ату жазасына кесілді, еріксіз жер аударылды. Ұлт қайраткерлеріне негізінен КСРО-ны құлату үшін жасырын контрреволюциялық ұйымдар құрды деген заңсыз жала жабылды. Сонымен қатар молдалар мен діндарларды «басқаша, бөтен ойлайтындар» деп айыптаған [1, б.38]. Өздеріңіз білетіндей, сталиндік режим жылдарында көптеген қоғамдық және мемлекеттік басшылар, халықтың әр түрлі қабаттарының өкілдері тұрақты тұрғылықты жерлерінен күштеп жер аударылып, негізсіз саяси қуғын-сүргінге ұшырады.

XX ғасырдың 30-50-ші жылдарында адамдар бастан кешкен тоталитарлық жүйенің трагедиясын елдің әрбір отбасы басынан өткерді. Тоталитарлық толқын сталинизм дәуірінде бүкіл елді басып алды. Миллиондаған жазықсыз адамдар бұйрық бойынша өлім жазасына кесілді. Бұл XX ғасырдағы адамзат үшін нағыз қасірет болды. Қазақтың басына біткен жауһарлары, елім, жерім үшін жанпида деп бас көтерген, қазақтың санасын ашуға үгіт-насихат жүргізген көптеген зиялы қауым өкілдері азапқа салып, өлтірілген болатын.

Қазақстан жері XX ғасырдың 30-шы жылдарында түрме лагеріне айналдырды. Қазақ даласында ең үлкен лагерлер – ҚарЛАГ, Степлаг, АЛЖИР, сондай-ақ ГУЛАГ-тың басқа құрылымдары орналасты. Соның ішінде ҚарЛАГ – ең ірі лагерьлердің бірі болды. ҚарЛАГ өзінің өмір сүрген жылдарында миллионға жуық адамды қабылдаған. 1950 жылдардың басында ҚарЛАГта екі жүзден астам лагерьлік бөлімшелер мен пункттер болды. Лагерьдің әкімшілік-экономикалық орталығы Қарағанды қаласынан оңтүстік батыста 45 км жерде Долинка кентінде

орналасты. Қарағанды жеке еңбекпен түзету лагері (КарЛАГ) 1931 жылы 19 желтоқсанда құрылды, лагерь орталығы Долинка кентінде орналасты. КарЛАГ аумағының солтүстіктен оңтүстікке дейінгі ұзындығы – 300 км және шығыстан батысқа қарай – 200 км. Бұдан басқа, осы аумақтан тыс екі бөлімше болды, Ақмолалық лагерь 350 км қашықтықта орналасқан және лагерь орталығынан 650 км қашықтықта орналасқан Балқаш бөлімшесі орналасты [2].

Осы мақаланы жазбас бұрын Қарағанды облысы, Долинка кентінде орналасқан «Долинка кентінің саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау музейіне» бардық. Ол күні сабақ болмады, күн күздің жайма шуақ күні болғанымен, Долинка кентіне жақындаған сайын, күн қабағын түйіп, арты жаңбырға ұласып, лагерь бізді «суық қарсы алды».

Музейге кіре берісте М.Өтемісұлының «Ай Қызғыш құс, Қызғыш құс» өлеңі, ал оның үстінде «сынған шаңырақ» композициясы ұсынылған. Бағыттаушы (экскурсовод) қазақтың шаңырағы – отбасылық әл-ауқаттың, үй ошағының символы екенін айтып, композицияда сынған фрагментті, тоталитарлық режимнің қыспағынан шаңырақтың шеті сынғанын, бұл – өткен ғасырдағы саяси қуғын-сүргіннің мұңды жылдарының қасіретін басынан өткерген қазақ халқы трагедиясының символы екендігін айтып өтті.



**1-сурет.** М. Өтемісұлының «Ай Қызғыш құс, Қызғыш құс» өлеңі, ал оның үстінде «сынған шаңырақ» композициясы.

Әрі қарай Қазақ КСР-ның картасының макеті, онда Орталық Қазақстан аумағының аясында КарЛАГ-тың орналасқан жері қара дәкпен көрсетілген. КарЛАГтың астанасы – Долинское кенті қара жалаушамен белгіленген. Қабырғаларда НКВД басшылығының бұйрықтарынан үзінділер бар стендтер ұсынылған.

Залдың ұзын бойында қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың «жеке істері» туралы жазылған. Онда орыстар, украиндықтар, немістер, поляктар, кәрістер және тағы басқа ұлт өкілдерінен болды. Әрі қарай Алаш ардақтыларының фотосуреті мен өмірбаяндары жазылған макет ілінген. **Ол ардақтылар бізге таныс, айта кететін болсақ:** Райымжан Марсеков, Жансултан Сейдалин, Бактыгерей Кулманов, Барлыбек Сыртанов, Айдархан Турлыбаев, Жакып Акбаев, Жиханша Сейдалин, Бахытжан Каратаев, Абдулла Темиров.

№1 зал – «Қазақстандағы ашаршылыққа» арналған екен. Залда өткен ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстанда болған жалпыұлттық ашаршылықтың материалдары қойылған. Күштеп ұжымдастыру, индустрияландыру, мүлік пен үй малын тәркілеу, жергілікті халықты Қазақстаннан тыс жерлерге көшіру саясаты туралы мәліметтер берілген. Экспозицияда қазақтардың 20-30 жылдардағы тұрмыстық заттары, құжаттар мен фотосуреттердің көшірмелері қойылған.

Әрбір залды көрген сайын жанымыз түршігіп, келесі залда қандай сұмдық күтіп тұр екен деген қорқыныш ой келді.

4-ші зал лагерьде жазасын өтеп жатқан әйелдер мен балаларға арналған. Әйелдерге Отанға опасыздық жасады деп айыпталғандардың отбасы мүшелері болғаны үшін ғана осы жерге жер аударған. Балалар мен әйелдердің өлім-жітімі туралы қорқынышты сандары бар құжаттар, оларды ұстау жағдайлары туралы деректер, «Аналар зираты», балалар үйлерінің суреттері олардың қиын өмірі туралы естіп, оны көзіңмен көргенде жаның түршігіп, көзіме еріксіз жас келді. 1931-1959 жылдар аралығында Карлагта 1507 бала дүниеге келіп, алайда лагерьдегі өмір сүру жағдайлары ересектер арасында да, балалар арасында да өлім-жітімнің жоғары болуына ықпал етті. 1945 жылдың қыркүйек және қазан айларында Карлагта 514 баланың 98-і қайтыс болған екен.

Карцерлерде адамдарды қатты жазалаған, оларға мұзды еденде тәулігіне 4 сағат ұйықтауға ғана рұқсат етіп, қалған уақытта ол тік тұруға міндетті болды. Қабырғаға сүйенгені үшін оларды аяусыз ұрған. Карцерде отырып, тұтқындар әлсіреп, кейін жай камераға ауысқанда қайтыс болған.

Әрбір залға кіргенде денең тітіркеніп, тағы қандай зұлымдық істеді екен деп жаман сезімде боласың. Әдетте мұражайлар жаман күйзелістерді қалдырмайды. Ал бұл жерде бәрі басқаша. Ғимараттың

астыңғы қабатындағы камераларда қалай қинағаны туралы экспонаттарды көргенде еріксіз көзіңе жас келеді.

Музейден шығып, тік көшенің бойымен келе жатып, жөн сұрайық десек, айналамызда бірде-бір адамды көре алмадық. Орталық көшедегі дүкенге кіріп, аты-жөнімізді айтып, қуғын-сүргінге ұшыраған адамдар туралы мәлімет іздеп жүргенімізді айттық, сауда жасап тұрған ер адам бұрылып, қазір бұл ауылда репрессияға ұшыраған адамдар қалмағанын, бірақ осы көшенің шетінде 94 жастағы баба Раяға барыңыз, сол кісі бәрін біледі деп жол сілтеді. Өкінішке орай, баба Раямен кездесу бұйырмады.

Бірақ ер адам өзінің есітіген-білгенін айтып, біраз ақпарат берді. «Атым Андрей, осы кентте 20 жылдан аса тұрамын. Бұл өңірді кезінде жаппай «тікенек сымдар» қоршаған болатын деп еске алатын тұрғылықты адамдар. Қуғынға діни қызметшілер, зиялы қауым, офицерлер, сол сияқты қарапайым шаруалар да ұшыраған. 1937 жылы үлкен террор басталғанын тарихтан білетін шығарсыздар деп ойын әрі қарай жалғастырды. 30-шы жылдары өзінің қатал климатымен танымал Қазақстан даласына Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен тұтас бір халықты жер аударған, олар жүк вагондарында апталап жүріп, мал тасуға арналған тауар вагондарынан тұратын эшелон Қарағандыға жетпей Қарабас станциясына тоқтап, осы жерден Долинка кентіне дейін жаяу айдаған, бұл екі кенттің арасы 35 км. Қақаған қыста адамдар жолды көтере алмай бірінің үстіне бірі құлап, сол жерде қала берген. Оларға ешкім көмек көрсетпеген. Міне, хабарсыз кеткен адамдар солар болуы керек, кейін бұл станцияны «ҚарЛАГ қақпасы» деп тегін атамаған» деп ойын тұжырымдады.

Қарлаг тарихың зерттеуші, журналист Екатерина Кузнецованың НКВД ҚарЛАГ лагері туралы «**ҚарЛАГ**: по обе стороны колючки» (**ҚарЛАГ**: тікенек сымның екі жағында), «**ҚарЛАГ**: меченые одной метой» (**Қарлаг**: бір белгімен) атты еңбегінде: «Бұл жердің зиялылары өздерінің қалыптасуы үшін осы «халық жауларына», соның ішінде бірінші кезекте КСРО-ның еуропалық бөлігінен жер аударылған зиялыларға рахмет айтуы керек», деп айтады [3, б.149]. Қазақтың жерін қан-төгіске айналдырып, қаншама көздің жасын төктіріп, зиялылардың қалыптасуына негіз болды деген Екатерина Кузнецованың сөзі ойландырып қалды. Қазақтың жерінде қан төкпей-ақ 18-19-шы ғасырлардағы белгілі ақын, зиялыларымыз білім іздеп, Ресейге барып, оқып тоқығанын тарихтан білеміз.

Осы кезеңде Қазақстанның да белгілі зиялылары сталиндік репрессияның құрбаны болды. Соның бірі Майоров Исмагил Майорович 1877 жылы туған. **Туған жері**: Қостанай облысы, Қарабалық ауданы. **Білімі**: орта. Тұтқындалғанға дейін Қостанай облысы, Комсомол ауданында өмір сүрген. Исмагил Майоровичтің шөбересінің айтуы

бойынша, Қазақстандағы ең бірінші оқытушы болғаны үшін және бай әулеттің отбасында өмірге келгені үшін 29 қазан 1938 жылы тұтқындалған. Антикеңестік үгіт-насихат жүргізді деген айып тағылып, «халық жауы» деп, ату жазасына кескен. Осындай қаншама зиялы қазақ азаматтарына «халық жауы» деген айып тағылды.

Мақаланы қорытындылай келе, қазақ жерін қасіретке ұшыратқан 1930 жылы Кеңестік жүйедегі еңбекпен түзеу лагерьлерінің пайда болуы тарихымыздағы ең ауыр кезеңі осы Сталиндік дәуірмен тығыз байланысты болды. ГУЛАГ-тың ең алғашқы ошақтары Қазақстан территориясында 1930 жылы Сталиннің бұйрығымен пайда болып, көп ұзамай бұл лагерьлер алып азап империясына айналды.



2-сурет. 4-зал, әйелдер бөлмесінің тұрмыс-жағдайы.



### **3-сурет. Қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың «жеке істері»**

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Козыбаев И.М. «Большой террор» в Казахстане. Алматы: Раритет, 2019. – 368 б.
2. КарЛАГ мемлекет ішіндегі мемлекет. URL: <https://ortalyq.kz/52443-2/?ysclid=lscw6th6bh47529531> (Өтініш берілген күні: 27.01.2024).
3. Кузнецова Е. Карлаг: по обе стороны «колочки». Сургут: Дефис, 2001. – 355 б.

**Перова В.С.**

магистрантка Карагандинского университета  
имени Е.А. Букетова, Казахстан

**E-mail:** [vego\\_nika2000@mail.ru](mailto:vego_nika2000@mail.ru)

**Научный руководитель:** доктор PhD Бейсенова А.А.

### **ПРЕДСТАВЛЕНИЕ КАЗАХСТАНЦЕВ О ЖЕНСКОМ УСПЕХЕ**

В современном казахстанском обществе роль женщин продолжает эволюционировать, а понятие женского успеха становится ключевым элементом обсуждения. В Казахстане, как и во многих других странах, наблюдается постепенное смягчение традиционных стереотипов относительно женской занятости и успеха. Однако, несмотря на достигнутые прогрессивные изменения, в общественном сознании все еще существуют определенные представления о том, каким должен быть «женский успех» и какие сферы деятельности соответствуют женщинам.

Представления женщин о гендерных ролях влияют на чувства и поведение женщин, являются мощным предиктором вовлеченности женщин в карьеру, отражаются в их опыте в профессиональной среде, принятии решений о карьерном пути. Усвоенные традиционные гендерные установки могут повлиять на заниженные ожидания женщин от своей карьеры и на распределение ресурсов между профессиональными и семейными ролями [1].

Данная статья представляет социологический взгляд на женский успех в контексте казахстанской культуры. Социологическое исследование женского успеха включает в себя анализ социальных, культурных и экономических факторов, влияющих на жизненный путь и достижения женщин в различных сферах, таких как карьера, материнство, образование, предпринимательство, политика и социальная деятельность.